

Қартабаева Ерке

тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің доценті, Алматы қ., Қазақстан.
e-mail Kartabayeva66@gmail.com, тел.: +7 778 201 30569

ТҮРКИЯДАҒЫ МОДЕРНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІНІҢ ДІНИ АСПЕКТІСІ

XXI ғасырдың басында Түркия кезіндегі Осман империясынан принципті түрде мүлде бөлек мемлекетке айналды. Республикалық биліктің 90 жылдан аса тарихында бұл елде модернизация бағытында көп жұмыстар атқарылуда. Батыс елдеріндегідей институттар мен технологиялар енгізіліп қана қоймай, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет, көптеген өнеркәсіп салаларын, қарқынды дамып отырған қызмет ету салаларын қамтыған нарықтық экономика қалыптастырылды. Түркияның ішкі саясаты, бұл елдегі модернизация үдерісі Орталық Азияның түркітілдес елдеріне айтарлықтай ықпал етіп отырғаны баршамызға аян. Осы айтылған мәселелердің барлығы тақырыпты зерттеудің өзектілігін анықтайды. Мақаланың мақсаты Түркияның саяси жүйесі мен экономикасындағы модернизациялық үдерістерді зерттеу және оған баға беруге тырысу. Кезінде артта қалған, «Еуропаның науқас адамы» атағына ие болған, парақорлық пен кертартпалықтың символы болған ел, аяқ астынан исламдық Шығыстың символына қалайша айналды, бар болғаны бірнеше онжылдықтар ішінде Түркия, экономикасы ең бір дамыған жетекші жиырма елдің қатарына қалай қосылды және қазіргі таңда ең дамыған ондықтың қатарына қосылуды жоспарлап отыр? Осы сұрақтарға жауап табуға тырысу мақаланың міндеті болып табылады. Тақырыпты зерттеу нәтижесінде Түркиядағы модернизация үдерісінің ерекшеліктері, ондағы дін мен зайырлылықтың арақатынастары мәселесі айқындалды.

Түйін сөздер: модернизация, реформалар, лаицизм, ислам.

Kartabayeva Erke

candidate of Historical Sciences. Professor. Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail Kartabayeva66@gmail.com, tel.: +7 778 201 30569

Religious aspect of the modernization process in Turkey

At the beginning of the 21st century, Turkey turned into a new state, fundamentally different from the Ottoman Empire. For more than 90 years of the republican government, many tasks of modernizing the country have been realized. Not only Western institutes and technologies were introduced, but civil society and the rule of law, a market economy that encompassed many industries, dynamically developing services, were also created. Turkey's domestic policy, modernization processes in the country affect the Turkic-speaking countries of Central Asia. These problems determine the relevance of the research topic. The main purpose of the article is the analysis of the modernization processes in the political system and economy of Turkey and their evaluation. How did the backward country, the "sick man of Europe", a symbol of corruption and conservatism, suddenly become the symbol of the Islamic East, how could it have joined the ranks of the twenty most developed countries in just a few decades, and plans to enter the top ten leading countries? The task of the article is to find the answers to these questions. As a result of the study, the features of modernization processes in Turkey, the problem of the correlation between religiosity and secularism in them, were highlighted.

Key words: modernization, reforms, laicism, Islam.

Картабаева Ерке

кандидат исторических наук, профессор Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail Kartabayeva66@gmail.com, тел.: +7 778 201 30569

Религиозный аспект процесса модернизации в Турции

В начале XXI века Турция превратилась в новое государство, принципиально отличающееся от Османской империи. За 90 с лишним лет республиканской власти были реализованы многие задачи модернизации страны. Были введены не только западные институты и технологии, но также созданы гражданское общество и правовое государство, рыночная экономика, охватывающая многие отрасли промышленности, динамично развивающуюся сферу услуг. Внутренняя политика Турции, модернизационные процессы в стране влияют на тюркоязычные страны Центральной Азии. Указанные проблемы определяют актуальность темы исследования. Целью статьи является анализ модернизационных процессов в политической системе и экономике Турции и их оценка. Как отсталая когда-то страна, «больной человек Европы», символ коррупции и консерватизма, она вдруг превратилась в символ исламского Востока, как смогла всего за несколько десятилетий войти в ряды двадцати самых развитых стран мира и планирует войти в десятку ведущих стран? Задачей статьи является найти ответы на эти вопросы. В результате исследования были освещены особенности модернизационных процессов в Турции, проблема соотношения между религиозностью и светскостью в них.

Ключевые слова: модернизация, реформы, лаицизм, ислам.

Кіріспе

Қазіргі таңда Түркия – динамикалық түрде дамып отырған, үш құрлықтың ұштасқан жеріндегі маңызды геостратегиялық жағдайды алып тұрған ел. Ол өзін Таяу және Орта Шығыстың аймақтық орталығы ретінде сезінеді, бұл, көбіне оның ежелден қалыптасқан, Шығыс пен Батысты байланыстырушы көпір ретіндегі жағдайымен анықталады. Сонымен бірге Түркия – Таяу Шығыстың қазіргі таңдағы аса ірі мемлекеттердің бірі, ол экономикалық дамудың қарқынын арттыруымен, индустриализация мен модернизацияға ерекше талпынысымен, әлеуметтік және мәдени мәселелерді қарқынды түрде шешіп отыруымен саясаткерлер мен зерттеушілердің назарын өзіне аударып отыр. Сондай-ақ, халқының басым бөлігі мұсылмандар құрайтын Түркия Республикасы, бір жағынан ислам өркениетіне кіретін ел бола отырып, мемлекеттік құрылысы зайырлы, еуропалық үлгіде, НАТО-ның мүшесі, қырық жылдан аса уақыттан бері Еуроодаққа қосылу бағытында әрекеттеніп келе жатқан ел болуымен де зерттеушілер тарапынан ерекше қызығушылық тудыруда. Бұл ел мұсылмандық бірегейлік пен еуропалық даму бағдарын, секулярлық және діни дәстүрлерді, демократия мен саяси исламды өзара ұштастыру бойынша ерекше тарихи тәжірибе жинақтаған ел. Түркия, дін мемлекеттен бөлінген аз ғана мұсылман елдерінің қатарына жататындығына қарамастан, ислам бұл елдің қоғамдық-саяси өмірінің аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Соңғы

онжылдықтарда елде жария саяси алаңда әрекет етуші исламистік партиялар қалыптасып, электорат тарапынан айтарлықтай қолдауға ие болып отыр. Діни ұйымдар күшейіп, мұсылмандық қайырымдылық қоғамдары мен мұсылмандық коммерциялық құрылымдар құрылуда. Елді экстремистік-лаңкестік исламизм де айналып өтпеді, алайда ол түрік қоғамында тек маргиналды ағым ғана болып қалды.

90-шы жылдары парламент пен үкімет деңгейінде билікті өз қолына алып, Түркияның сыртқы саясатының интеграциялық бағытын өзгертуге тырысқан исламистерді 2002 жылы баяу исламдық бағыттағы «Әділеттік пен даму партиясы» (ӘДП) алмастырып, елдегі модернизациялық үдерістерді жалғастыру саясатын қолдап келеді. Түркияның осы бағыттағы жинақтаған тәжірибесін талдау мұсылмандық мәдени-өркениеттік негізді, заманауи батыстық зайырлы демократияның қоғамдық-саяси құндылықтарымен ұштастыру туралы мәселеге жауап табуға ықпал етеді.

Мақаланы жазу барысында Түркия тарихын зерттеуші кеңес тарихшысы А.Ф. Миллердің еңбектеріндегі фактологиялық материалдар кеңінен пайдаланылды. (Миллер, 1948а; Миллер, 1983б). Автор Түркиядағы модернизация үдерісінен бастау болған ұлт-азаттық күрестің алғышарттары мен нәтижесіне талдау жасайды, сондай-ақ кемалистік реформалардың мәнін ашуға тырысады, алайда еңбек кеңестік идеология мен формациялық методология тұрғысына жазылғандықтан, еңбекті пайдаланғанда сыни көзқараспен қарауға тырыстық. Тақырыпты

ашуда түрік қоғамының жекелеген салалары зерттелген ғылыми еңбектер де назардан тыс қалмады. Ең алдымен, олардың қатарына ұжымдық монографияларды жатқызуға болады (Турция, 1987; Турция, 1988; Турция, 1991; Турецкая Республика, 1984;)

Түрік мемлекетінің экономикасының қалыптасуы мен дамуы мәселелері Н.Г. Киреевтің бірқатар еңбектерінде қарастырылған (Киреев, 1991а. Киреев, 2007б). Н.Г. Киреев аталған еңбектерінде этатизм саясатының негіздерінің қалыптасуын және оның экономика саласындағы модернизацияға ықпалын талдайды. Зерттеуші Полат Салих мәдениет саласындағы модернизация үдерістеріне, Түркиядағы зайырлы мемлекеттің құрылуы мен дамуы үдерісіне жан-жақты тоқталады (Полат, 2001). Түркиядағы вестернизация үдерісі мен еуроодаққа кіру мәселелерін зерттеуде ағылшын тіліндегі бірқатар еңбектер пайдаланылды (Heather Grabbe, 2003; Ioannis N. Grigoriadis, 2010).

Мақаланы жазуда тарихи-салыстыру әдісі қолданылды, атап айтқанда, Түркия тарихының әр түрлі кезеңдерінде орын алған модернизациялық үдерістер өзара салыстырылды. Сонымен бірге, Түркиядағы модернизация үдерісінің ерекшеліктерін анықтау мақсатында, мүлде бөлек салдарларға алып келген Ирандағы модернизация үдерісімен салыстыру орын алды. Мақалада ғылыми зерттеудің жалпы әдістері – анализ және синтез, объективтілік, ғылымилық, тарихилық ұстанымдары басшылыққа алынды.

Түркиядағы модернизация үдерісі

2011 жылдың басында орын алған Тунис пен Египеттегі революциялар, исламның жүрегі деп есептелетін араб елдерінің көпшілігіндегі толқулар исламның консерватизмі мен жаңашылдыққа мүлде қарсылығы туралы мифтің күлін көкке ұшырды. Миллиондаған мұсылмандардың өзгерістерге, жаңартуларға – модернизацияға ұмтылып отырғандығы баршаға аян болды. Алайда, ислам елдерінде орын алып жатқан өзгерістер міндетті түрде оң нәтижелерге алып келеді деуге де болмайды. Оның аяғы саяси салада кері кетуге, жаңару үдерісі басталғанға дейінгі жағдайдан да саяси және әлеуметтік архаикалық қатынастарға шегінуге алып келуі мүмкін. Бұған тарихтан мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мысалы, Ирандағы «ақ революция» (1960-1970 жылдары орын алған Мұхаммед Реза Пехлеви тұсындағы модернизация үдерісі) дәл осылайша аяқталған болатын. Реформаторлар алға

қойған міндеттерді қуатты антиреформаторлық қозғалыс – 1979 жылғы Ислам революциясы жоққа шығарды. Сонымен бірге, Аятолла Хомейни бастаған модернизациядан бас тартқан түбегейлі өзгерістер ислам фундаментализмі мен экстремизмін жандандыруға алып келген болатын.

Сонымен бірге, ислам елдерінде табысты түрде жүрген модернизация үдерістері де болғандығы тарихтан белгілі. Мұндай сәтті реформалардың қатарында алғаш болып Түркиядағы Ататүрік тұсында басталған модернизация үдерісін атауымызға болады. Реформалардың түріктік үлгісін әлемдегі ең сәтті жүргендердің қатарында қарастыруға болады. Дәл осы реформалар ХХ ғасырдың басында жартылай қирап қалған, дамуын архаикалық империялық және теократиялық мекемелер тежеп отырған елдің, ХХІ ғасырдың басына қарай экономикалық және саяси әлеуеті бойынша әлемнің жиырма озық елдерінің қатарына қосылып, халықаралық өмір нормалары мен стандарттарына бағдар ұстайтын зайырлы республикаға айналуына мүмкіндік берді. Иран мен Түркиядағы модернизация типтерін салыстырмалы түрде талдау біздің мақаламыздың басты мақсаты болып табылмайды, оның үстіне бұл мәселе арнайы зерттеулерде жақсы қарастырылған (Frey, 1965; Васильев, 1983; Фадеева, 2011). Алайда Түркиядағы модернизация үдерісінің маңызын түсінуде, жалпы модернизацияны іске асыруда әлеуметтік-мәдени жағдайлардың рөлін анықтауда мұндай салыстырулардың маңызды екенін де ескеру қажет. Зерттеушілердің көпшілігі Иран реформаларының сәтсіздігін исламдық менталитеттің ерекшеліктерімен байланыстыруға тырысады. Алайда, Түркияда мұсылман елі, оның үстіне, елді басқаруда, Ататүрік реформаларына дейін ислам теократиясының рөлі Иранмен салыстырғанда жоғары болғанын ескеру керек. Бұған қоса, түрік модернизациясы ислам мекемелеріне, Ирандағыдан да қатаң түрде соққы берген болатын. Мәселе басқада. Реформалардың бұл екі типінің нәтижесі әр түрлі болуын мұсылмандық менталитет немесе парсылар мен түріктердің этникалық мәдениеттеріндегі ерекшеліктерімен емес, модернизациялардың өзінің мазмұнымен, сондай-ақ олардың тарихи жағдайларымен, олардың тарихи іргетасының бірдей болмауымен түсіндіру қажет (Паин, 2011). Модернизациялардың бұл екі типін салыстыру посткеңестік кеңістік елдері үшін де маңызды

болып табылады, өйткені бұл елдерде, кезіндегі Иран мен Түркиядағыдай «жоғарыдан модернизациялау» әрекеттері орын алуда.

Сонымен, Түркиядағы модернизация үдерісі ХХ ғасырдың бірінші ширегінде, Кемаль Ататүрік реформаларынан бастау алды. Түркиядағы реформалар жүргізуге деген барлық ұмтылыстардың маңызды алғышарты сыртқы саяси фактор болғаны белгілі. ХV ғ. аяғында халықаралық аренаға шыққан уақыттан бастап, Осман империясы әскери қатынаста, қуатты қарсыластармен үздіксіз соғыстар жүргізуге мәжбүр болды. ХVІІ ғ. аяғынан бастап Осман империясының технологиялық және әскери жағынан Батыс Еуропадан, ал кейінірек Ресейден де артта қала бастауы байқалды, мұның өзі реформалар жүргізудің қажеттігін күн тәртібіне ерекше қойған болатын. (Клейнман, 1989: 130). Кемалистік реформаларға дейінгі реформа жүргізу әрекеттерінің барлығының сәтсіздікке ұшырау себебін зерттеушілер, түрік қоғамының саяси және қоғамдық өмірінде діннің шексіз үстемдік етуімен, халықтың жаппай сауатсыздығы, билеуші тап пен шенеуніктердің паракорлығы, халықтың реформалардың маңызын түсінбеуі және ұлттық, діни және басқа да қайшылықтардан әбден тозығы жеткен қоғамның тарапынан реформалардың қолдау таппауымен түсіндіреді. Аталған мәселелер кешенінің шешімі жүйелі қатынасты, нақты, реалистік жоспарды, дәйектілікті және ақырында, реформалар жолындағы қозғалысты басқара алатын тұлғаның болуын талап етті.

Реформалар жүргізуге мүмкіндік Түркияның бірінші дүние жүзілік соғыста жеңіліс табуынан және Осман империясының ыдырауынан кейін пайда болды. Антанта елдерімен болған Севр келісім-шарты (1920) бойынша Түркия өзінің Кіші Азиядан тыс жатқан барлық территорияларынан айрылды және жеңімпаз елдерге үлкен көлемдегі репарациялар төлеуге міндеттелді. Мұның өзі Түркияны тәуелсіздігінен толықтай айырып, оның Батыс елдеріне бағыныштылығын күшейте түсер еді. Түркия елінің басына қара бұлт үйірілген осындай қауіпті жағдайда, Түркияның шығысында, Анадолы жерінде генерал Мұстафа Кемальдің жетекшілігімен ұлттық қозғалыс басталып кеткен болатын. Белсенді түрде жүрген антиимпериалистік қозғалыстың нәтижесінде Түркия территориясын шетелдік әскерлерден азат етуге қол жеткізілді. Ұлттық қозғалыстың жеңіске жетуі жаңа, дамыған Түркия үшін күресті одан әрі жалғастырудың қуатты жұмылдырушы факторына айналды.

Бұл күрес саяси-әлеуметтік салада қарқынды түрде жүргізілген реформалардан көрініс тапты. Түркияда ХХ ғ. 20-30-шы жылдары жүргізілген реформалардың басты идеологы Мұстафа Кемаль әрі ұлтшыл, әрі прагматик саясаткер еді. Реформалар түрік қоғамының барлық саласын қамтыды: халифаттың жойылып, республиканың жариялануы, діннің мемлекеттен бөлінуі, астананың Стамбулдан Анкараға көшірілуі және т.б. Осы реформалардың ішінде, елді зайырландыру бағытында іске асырылған реформалардың мәнін ашуға тырысып көрейік.

Тарихта «кемализм» деген атау алған модернизациялық үдерістердің негізгі ұстанымдары жаңа қалыптасқан Түркия Республикасы Конституциясының 2-бабында тұжырымдалды. Бұл республикашылдық, ұлтшылдық, халықшылдық, этатизм, лаицизм және революцияшылдық ұстанымдары болатын. «Республикашылдық» ұстанымы елдің мемлекеттік құрылысын республика деп жариялауды, «ұлтшылдық» ұстанымы ең алдымен, елдің ұлттың мүдделері қорғалатындығын, «халықшылдық» ұстаным «тапсыз қоғамның» барлық мүшелерінің құқықтары қорғалатындығын, «этатизм» ұстанымы экономиканың даму қарқынын күшейту, ұлттың экономикалық дербестігін, тұрмыс-тіршілігін көтеру мақсатымен мемлекеттің экономикаға белсенді түрде араласуын білдірді. Лаицизм немесе зайырлылық ұстанымы дінді мемлекеттен бөлуді, халықтың діни сенімін өз мүддесіне пайдаланып отырған кертартпа күштермен күрес жүргізуді мақсат тұтты. Революцияшылдық ұстанымы революция мұраттарына адалдық, өмір сүріп отырған қоғамның өміршеңдігін қолдау бағытындағы іс-шараларды жүзеге асыруды білдірді. (Розалиев, 1995: 40).

Лаицизм саясаты (лаицизм – француз тілінен, зайырлылық деп аударылады, Франциядағы қоғамдық өмірді секуляризациялау қозғалысының атауы ретінде орныққан. Жалпы, кемализм идеялары Ұлы француз революциясы мұраттарын басшылыққа алған болатын – Е.Қ.) исламның қоғамдық өмірдегі әрекет ету саласын қысқарту бағытындағы іс жүзіндегі шаралар үшін қолданылды. Ол сондай-ақ елді модернизациялауды қамтамасыз етудің басты құралы ретінде де қарастырылды. Себебі, мұсылмандық Шығыс елдерінде қалыптасқан мәдениет типінде діни сана басым болғаны белгілі, ол Батыстың анағұрлым ашық мәдениетінен едәуір алшақ болатын. Ал кемалистік реформалар, іс жүзінде елді еуропаландыруға бағытталғаны белгілі.

Еуропаландырудың саяси мазмұнын анықтай отырып, Мұстафа Кемаль: «Біздің барлық ұмтылыстарымыз Түркияда заманауи, яғни батыстық, саяси жүйе құруға бағытталады», – деп тікелей атап көрсеткен болатын (Atatürk'un soylev ve demecleri, 1989: 91). Кемализмнің басты идеологы болған Зия Гөк Алып батыс өркениетін қабылдаудың қажеттілігін былайша негіздейді: «Егер біз осылай жасамасақ, батыс державалары бізге бұғау салады... Өзіміздің азаттығымыз бен тәуелсіздігімізді қорғап қалу үшін біз еуропалық өркениетті игеруіміз қажет» (Цитата Фадееваның еңбегінен алынды: Фадеева, 2001: 121–122).

Мұсылман елдеріндегі діни сананың үстемдігі, қарастырылып отырған кезеңде, бұл елдердің оқшаулануына, мәдени жағынан артта қалуына алып келе бастайды. Өйткені аталмыш кезеңде ислам дінінің негізінде қалыптасқан классикалық мұсылман мәдениеті тоқырауға ұшырап, біржақты ойлайтын, кертартпа күштердің идеологиясына айналып қалды. Сонымен бірге, мұсылман елдерінде жеке тұлғаны гуманистік бағытта тәрбиелеуге негіз болатын жаңа мәдени үлгілер қалыптаса қоймаған болатын. Ұлтшылдық ұранын барлық әлеуметтік топтарды модернизация үдерісіне жұмылдырудың құралы ретінде пайдалана отырып, кемалистер ұлтшылдықты діннің, исламның ықпалынан азат етуге тиіс болды. Өйткені, ислам, ел үшін аса маңызды қажеттілікке айналған Батыс елдерімен интеграциялану жолындағы басты кедергіге айналған болатын. Зия Гөк Алып діннің «ұлттық» құндылыққа айналуын қоғамды реформалаудың маңызды кезеңі деп есептеді. Оның «Түрікшілдік негіздері» атты еңбегінің бір бөлімі «Діни түрікшілдік» деп аталды. Зияның пікірі бойынша, барлық діни кітаптар, құтба (жұма намазы кезінде, құрбандық шалулар және басқа да діни рәсімдер кезінде айтылатын діни уағыз) түрік тіліне аударылуы тиіс, өйткені бірде бір ұлт діни мәтіндерді ана тілінде оқып, түсіне алмайтын болса, діннің мәніне терең ене алмайды. Құранды оқу, азан шақыру, құтбадан кейін оқылатын намаз түрік тілінде болуы тиіс (Опабекова, 2013: 145). Мұстафа Кемаль да Құранды түрік тіліне аудару қажет деген пікірде болды. «Түріктер Кітапқа сенеді, бірақ онда не туралы айтылатынын түсінбейді» - деді ол.

Сонымен, Ататүрік тұсындағы модернизация үдерісінің басты шарты зайырлы мемлекет құру болды. Алайда, ұлттық күрес кезеңінде бұл мәселенің көтерілуі асығыстық болып та көрінуі мүмкін. Өйткені, Анадолыдағы тәуелсіздік

жолындағы антиимпериалистік күштердің ең бір белсенділерінің қатарында исламистер болғаны белгілі. Оның үстіне алғашқы меджлистің (ұлттық жиналыс) құрамында дінбасыларының үлес салмағы жоғары болды (28 %). Өзірбайжан тарихшысы Э. Гасанова өз еңбегінде кемалистердің түріктердің рухани өмірін қамтитын маңызды салада икемшіл, иілгіш саясат ұстанғаны жөнінде пікір айтады. «Ол кезде исламға кері қатынас туралы ой да болған жоқ, керісінше, ислам кейде ұлтшылдықпен бір түсінік ретінде қарастырылды» – дейді ол. «Бұған қоса ұлттық ұрандар көбіне діни ұрандардан көрініс тауып жүрді. Классикалық ислам мәдениетінен мұраға қалған дәстүрлер, түріктердің рухани және мәдени өмірінің көптеген салаларында – әдебиетте, өнерде, философияда және т.б. сақталған болатын» (Гасанова, 2002: 73, 74) Алайда, Лозанна конференциясынан (1922-1923) кейін кемалистердің қарсыластарына айналған исламистер, дінді өз саясатында пайдаланып отырғаны, исламистер жаңа мемлекеттің идеологиялық ұйытқысына айнала алмайтындығы, ал шарифат – мемлекеттің, қоғам мен жеке тұлға өмірінің барлық жақтарын зайырлы құқықтық реттеу ұстанымдарына бейімделе алмайтындығы белгілі бола бастады. М. Кемаль мен оның жақтастарының сөздерінде, сол кездегі ислам халифатпен, сұлтандық тәртіппен ғана емес, Түркияны жартылай отарға айналдыруға алып келген барлық басқа да кертартпа, консервативті жағдайлармен байланыстырылатындығы байқалды.

Әрине, бұл жерде ортағасырлық шіркеудің зорлық-зомбылығынан құтылудың еуропалық тарихи тәжірибесін ескеру орын алғандығы, атап айтқанда «құдайға құдайдікін, патшаға патшаныкін» («богу – богово, кесарю – кесарево») ұстанымы жүзеге асырылғандығы сөзсіз (Киреев, 2007: 161). Түрік тарихшыларының пікірінше, 1921 ж. алғашқы конституцияда-ақ «билік, ешқандай шарттарсыз ұлтқа тән» деген қағиданың орын алуы «жаңа түрік үкіметі өзінің идеологиялық таңдауын жасады – умманың (діни қауымдастық – үммет) орны ұлтқа беріледі» дегенді білдірді. (Tarhanlı, 1993: 15) 1924 ж. 29 ақпанында Түркияның соңғы халифі Стамбул мешітінде жұма намазға қатысу дәстүрін соңғы рет орындады. Келесі күні Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының (Түркия Республикасының жоғарғы заңшығарушы органы, қысқаша – ТҰҰЖ) кезекті мәжілісінде Мұстафа Кемаль, ислам дінінің ғасырлар бойы саяси құрал ретінде пайдаланылып келгендігі жөнінде мәлімдеп,

оған «шынайы міндетін қайтаруды» талап етті, шұғыл әрі батыл түрде «қасиетті діни құндылықтарды» әртүрлі «көмескі мақсаттар мен нәсіпқұмарлықтардан» құтқару қажеттігін көрсетті (Киреев, 2007: 161). 3 наурызда ТҰҰЖ мәжілісінде Түркияда шарифаттық сотты жою, вакуфтық мүлікті вакуфтардың Бас Басқармасына беру туралы заңдар қабылданды. Реформалар қызу түрде жүріп жатқан алғашқы жылдары-ақ, яғни 1924 ж. 4 наурызында дін істері Басқармасы құрылды, бұл мекеме әлі күнге дейін елдегі діни қызметті реттеп отыр. Муфтийлер осы басқарманың қызметкерлеріне айналды. Оның бақылауына мешіттер ғана емес, әр түрлі діни орындар – дәруіштер мен олардың бауырластықтарының мекендері де қаратылды (Киреев, 2007:163). Бұл жөнінде түрік авторы былай деп көрсетеді: «Вакуфтық табыстар тариқаттар мен діни қауымдарға емес, мемлекеттің құзырына түсетін болды; діни ұйымдарға тән болған жерлерге, мүліктер мен сауда мекемелеріне бақылау орнатылды» (Yulut, 1995: 364).

Биліктің, бастапқыда, «халықтық исламның» бұл мекемелерін қудалау ойы болмаған тәрізді, конституцияда Түркияның мемлекеттік діни ислам болып табылатындығын көрсететін бабы әлі сақталған болатын. Алайда, 1924 жылы ислам туы астында басталған күрттер қозғалысы, 1925 ж. шейх Сайд көтерілісі Анкараның билік құрылымдарындағы антикемалистік оппозицияның белсенді әрекеттерге көше бастауы, халифаттың жойылуына байланысты ислам әлеміндегі наразылықтар кемалистердің қатаң шараларға баруын талап етті. 1925 ж. маусымында Диярбақырдағы тәуелсіздік соты күрттер көтерілісінің жетекшілерін өлім жазасына кесіп, сонымен бірге дәруіш мекендерін жабу туралы үкім шығарды. Сондай-ақ, елді зайырландыру бағытындағы іс-шараларды одан әрі жалғастыра отырып, барлық ғылыми мекемелер мен оқу орындарын ағарту министрлігіне беру, біртұтас зайырлы ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру жоспары жасалды.

Қоғамды зайырландыру, еуропаландыру бағытындағы маңызды шара – халықты еуропалық үлгідегі киім киюге «күштеп көндіру» болды. 1925 жылдың тамызында Кастамону мен Инеболу қалаларына іс-сапармен барған Кемаль жолға еуропалық киіммен шықты, дәстүрлі бас киімнің (феска) орнына, басына еуропаша панама киді. Кастамону муниципалитетінде өткен кездесуде киім үлгісі туралы мәселе көтерілді – Мұстафа Кемаль: «Еш

жерде мұсылман басқалардан ерекше киінуі тиіс деп айтылмаған», – деп көрсетті. Инеболуда ол киім туралы мәселені әрі қарай жалғастырып, «неге түріктер әлемдегі барлық адамдар сияқты киінбейді, неге әйел ерлермен қатар беттерін аша алмайды?» деген мәселені көтерді. 30 тамызда Анкараға қайта оралған М. Кемаль маңызды мәлімдеме жасады: «Түрік республикасы шейхтардың, дәруіштердің мүриттер мен олардың жақтастарының елі бола алмайды. Ең тура, ең ақиқат жол (тариқат) – өркениет жолы. Өркениеттің бір ғана талабы, бір ғана әмірі бар – ол адам болу, осы да жеткілікті» (Қараңыз: Киреев, 2007: 408). Бұл сапардың нәтижелері Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысының (ТҰҰЖ) 1925 ж. заңдарымен бекітілді. Еуропалық киім үлгісіне көшумен қатар, заң діни орындар – текке мен завияларды жауып, әулиелі орындарға зиярат етуге тыйым салды.

Сонымен түрік секуляризмді кемалистердің зайырлы модернизацияға қарсы тұрғандарға қатысты батыл түрдегі авторитарлы шараларымен басталды. 1926 жылы Түркияның зайырлы жолын бекіте түскен екі бірдей заң қабылданды, біріншісі шарифат сотын жойып, оның орнына зайырлы сот өндірісін енгізсе, екіншісі зайырлы қылмыстық кодексті (итальяндық үлгі негізінде) бекітті. 1928 жылы ТҰҰЖ конституциядан лаицизм ұстанымдарына қайшы келетін бірқатар баптарды алып тастады, соның ішінде «Түркияның мемлекеттің діни ислам болып табылады» деген сөз алынып тасталды. Әрине қоғамды зайырландыру бағытындағы мұндай қатаң шаралар қоғамның әр түрлі топтары тарапынан наразылықтардың тууына алып келмей қоймайтын еді. Мұның өзі Түркияда саяси исламның жандануының алғышарттарының бірі болды. Осы негізде кемалистік билікке қарсы оппозицияның қатарында исламистік партиялардың қызметінің жандануы және олардың бірте-бірте Түркиядағы билікке араласуы орын алды. Алайда, Түркияда Ирандағыдай исламдық революция да, Кеңес мемлекетіндегідей азаматтық соғыс та орын алмады. Түркия ешқашан зайырлы билік ұстанымынан бас тартқан емес.

Сонымен, Түркиядағы мемлекеттің зайырлы сипаты уақыт сынағынан өтіп, әлі күнге дейін өміршеңдігін сақтап отыр. Ататүрік реформаларынан бастау алған лаицизмді, яғни зайырлы билік ұстанымын кеңестік билік тұсындағы жауынгерлік атеизммен салыстыруға болмайды. Түркияда зайырлылық тек басқару және білім салаларын ғана қамтыды. Ислам, Ататүрік тұсында да, қазір де азаматтардың жеке өмірінің

маңызды бөлігі болып қалып отыр. Зайырлы мемлекетте діни мәдениет пен этиканы оқыту бастауыш және орта мектептердің оқу бағдарламасының міндетті элементі болып табылады, алайда ол мемлекеттің бақылауымен іске асырылады (Паин, 2011).

Исламның Түркияның саяси өміріне ықпалының өсуі екінші дүние жүзілік соғыстан кейін басталды. Зайырлы биліктің кемалистік ұстанымдарын қалпына келтіру мақсатында билікті қолына алған түрік армиясының саясатқа араласуы Түркияның саяси жүйесінің қалыпты жағдайына айнала алмады. 1980 жылдардың ортасында қайта қалпына келтірілген азаматтық билік саяси сахнаға Тұрғыт Озал сияқты беделді көшбасшыларды шығарды. Тұрғыт Озал исламизмді басып тастауға болмайды, керісінше исламды либерализация мен модернизацияның одақтасы ету қажет деген ұстанымда болды. Осылайша түрік-ислам синтезі қағидасы қалыптасты. Оны іс жүзіне асыруда Ататүрік атындағы Мәдениет, тіл және тарих қоғамы Жоғарғы кеңесінің (Конституциялық орган – Е.Қ.) құрылуы аса маңызды рөл атқарды. Жоғарғы кеңес 1986 жылдың 20 маусымында «түрік-

ислам синтезінің негізін құрайтын мәдениет түсінігін бүкіл ұлттың қабылдайтындығын қолдады» (Киреев, 2000: 90).

Қорытынды

Қазіргі Түркияда баяу исламистік партиялардың мемлекеттік басқарудың зайырлы жүйесіне бейімделуі айтарлықтай қарқынды жүруде. Соның ішінде, билік басында отырған баяу бағыттағы исламистік әділдік пен даму партиясы (ӘДП) да саяси жүйенің зайырлы сипатын қолдап отыр. Ол өзінің басты мақсаты ретінде заманауи демократиялық мемлекет қалыптастыру, еуропалық қауымдастыққа қосылу үдерісінің қарқынын күшейту саясатын жүргізуде. Еуропа мен Азияның қиылысында орналасқан ел үшін Еуроодаққа ену маңызды әлеуметтік-саяси, экономикалық, тіпті дүниетанымдық та мәселе болып табылады және түрік қоғамының бірегейлігін анықтау үдерісін көрсетеді. Бұл мәселенің түбегейлі шешілуі Түрік Республикасының одан арғы даму бағытын ғана емес, сондай-ақ геосаяси даму үрдістерін де айқындайды.

Әдебиеттер

- Миллер А.Ф. (1983). Турция. Актуальные проблемы новой и новейшей истории. – М.: Наука.
- Турция: новые тенденции экономического развития в 80-е годы. (1991). – М.
- Киреев Н.Г. (1991). История этатизма в Турции. – М.: Наука.
- Киреев Н.Г. (2007). История Турции. XX век. – М.: ИВ РАН: Крафт.
- Полат Салих. (2001). Процесс развития светского государства в Турции // Религия и право. – № 2. – С. 122-167.
- Heather Grabbe, (2003). 'Europeanisation Goes East: Power and Uncertainty in the EU Accession Process', in Kevin Featherstone and Claudio Radaelli (eds.), *The Politics of Europeanisation*, (Oxford: Oxford University Press, 2003), pp. 303-327.
- Ioannis N. Grigoriadis. (2010). *Trials of Europeanization: Turkish Political Culture and European Union*. Basingstoke: Palgrave Macmillan.
- Турецкая Республика. (1994). Крестьянство и социально-политические процессы в деревне. – М.: "Восточная литература" РАН.
- Frey F. W. (1965). *The Turkish political elite*. Cambridge, M.T.T.Press.
- Васильев А. (1983). Персидский залив в эпицентре бури. – М.: Наука.
- Фадеева И. (1993). Концепция власти на Ближнем Востоке. – М.: Наука.
- Эмиль Паин. (2011). Иранская или турецкая? Сравнительный анализ моделей и социальных условий управляемой модернизации // Журнальный клуб Интелрос «Дружба Народов» № 10, 2011. <http://magazines.russ.ru/druzhiba/2011/10/pa11-pr.html>
- Клейнман Г. А. (1989). Армия и реформы. Османский опыт модернизации. – М.
- Розалиев Ю.Н. (1995), Мустафа Кемаль Ататюрк: очерк жизни и деятельности. – М.: Восточная литература.
- Atatürk'un soylevi ve demecleri. (1989). С. I -III. Ankara.
- Фадеева И. Л. (2001). От империи к национальному государству. – М.: Вост. лит.
- Опабекова Д.К. (2013). К вопросу формирования и развития кемализма в Турции в первой половине XX века. Известия НАН РК. Серия общественных наук. №4. 144-148 с.
- Гасанова Э.Ю. (2002). Лаицизм и ислам в республиканской Турции. – Баку: Нурлан.
- Tarhanli I. (1993). *Mtisliiman Toplum, «Laik» Devlet*. Istanbul.
- Bulut F. (1995). *Tarikat sermayesinin yiikselisi*. Ankara.

References

- Miller A.F. (1983). *Turcija. Aktual'nye problemy novoj i novejshej istorii.* [Turkey. Actual problems of and modern history] Moscow: Nauka.
- Turcija: novye tendencii jekonomicheskogo razvitija v 80-e gody. (1991) [Turkey: New Trends in Economic Development in the Eighties]. Moscow: Nauka.
- Kireev N.G. [History of statism in Turkey]. (1991). Moscow: Nauka.
- Kireev N.G. (2007). *Istorija Turcii. XX vek.* [History of Turkey. The twentieth century]. Moscow: IG RAS: Kraft.
- Polat Salih. (2001). *Process razvitija svetskogo gosudarstva v Turcii. Religija i pravo.* [The process of development of a secular state in Turkey]. Religion and right. 2001. №2.p.122-167.
- Heather Grabbe, (2003). 'Europeanisation Goes East: Power and Uncertainty in the EU Accession Process', in Kevin Featherstone and Claudio Radaelli (eds.), *The Politics of Europeanisation*, (Oxford: Oxford University Press, 2003), pp. 303-327.
- Ioannis N. Grigoriadis. (2010). *Trials of Europeanization: Turkish Political Culture and European Union.* Basingstoke: Palgrave Macmillan.
- Tureckaja Respublika. *Krest'janstvo i social'no-politicheskie processy v derevne.* (1994). [The Republic of Turkey. The peasantry and socio-political processes in the countryside.] М.: "EasternLiterature",RAS.
- Frey F.W. (1965). *The Turkish political elite.* Cambridge, M.T.T.Press.
- Vasiliev A. (1983). *Persidskij zaliv v jepicentre buri.* [Persian Gulf in the epicenter of the storm.]. Moscow, Science.
- Fadeeva I. (1993). *Koncepcija vlasti na Blizhnem Vostoke.* [The concept of power in the Middle East. Moscow, 1993, Science; Emil Pain. Iranian or Turkish? Comparative analysis of models and social conditions of controlled modernization]. Journal club Intelros "Friendship of Peoples" № 10, 2011. <http://magazines.russ.ru/druzhba/2011/10/pa11-pr.html>
- Kleinman G.A. (1989). *Armija i reformy. Osmanskij opyt modernizacii.* [Army and Reforms. Ottoman modernization experience.] Moscow.
- Rosaliev Yu.N. (1995). *Mustafa Kemal' Atatjrk: ocherk zhizni i dejatel'nosti.* [Mustafa Kemal Ataturk: essay of life and activity]. Moscow: Eastern Literature.
- Atatr'kun soylev ve demecleri. (1989). C. I-III. Ankara.
- Fadeeva, IL (2001). *Ot imperii k nacional'nomu gosudarstvu.* [From the Empire to the National State]. Moscow: Eastern Literature.
- Opabekova D.K. (2013). *K voprosu formirovanija i razvitija kemalizma v Turcii v pervoj polovine XX veka.* [On the issue of the formation and development of Kemalism in Turkey in the first half of the twentieth century]. Proceedings of NAS RK. Series of Social Sciences. №4.144-148pp.
- Gasanova E.A. (2002). *Laicizm i islam v respublikanskoj Turcii.* [Laicism and Islam in Republican Turkey]. Baku: Norlan.
- Tarhanli I. (1993). *Mtisliiman Society, «secular» State.* Istanbul.
- Bulut F. (1995). *The sum of the capital of the order.* Ankara.